

## **Қарағанды облысы Қарағанды қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда) туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 шілдедегі № 575 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Қарағанды облысы Қарағанды қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған, Қарағанды облысы мен Қарағанды қаласының мәслихаттары мақұлдаған Қарағанды облысы Қарағанды қаласының бас жоспарының (негізгі ережелерді қоса алғанда) жобасы бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының Қарағанды қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы № 1205 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 30 шілдедегі  
№ 575 қаулысымен  
бекітілген

### **Қарағанды облысы**

### **Қарағанды қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда)**

#### **1-тарау. Жобаның жалпы ережелері**

Қарағанды қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бекітілген бас схемасына сәйкес әзірленетін, перспективалы кешенді даму, аумақты жоспарлы ұйымдастыру, қаланың әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымы жүйесінің бағыттарын айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар Қазақстан Республикасының Жер, Экология, Су, Орман кодекстерінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарының, Қазақстан Республикасының қала құрылысы саласына жататын басқа да заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Жобаның мақсаты – алдыңғы Бас жоспардың іске асырылуын талдау негізінде нақты құрылыс салуды, әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлау жоспары және жер учаскелерінің бөлінуін ескере отырып, қалалық аумақты дамытудың есепті мерзімге арналған перспективалы бағыттарын қалыптастыру.

Бас жоспарда келесі жобалық кезеңдер қабылданды:

бастапқы жыл – 2023 жылғы 1 қаңтар;

бірінші кезек – 2030 жыл;

есепті мерзім – 2040 жыл.

## **2-тарау. Бас жоспардың мақсаты**

Белгіленген тәртіппен бекітілген Бас жоспар елді мекеннің шегін, бірінші кезекте салынатын объектілерді орналастыру жобаларын, тұрғын аудандар мен өнеркәсіптік аудандарды жоспарлау жобаларын, құрылыс салу жобаларын, салалық схемалар мен инженерлік қамтамасыз ету жобаларын, кешенді көлік схемасын, көгалдандыруды, қоршаған ортаны қорғау схемасын әзірлеу, аумақты аймақтарға бөлу және жерді ұтымды пайдалану үшін база болып табылады.

Бас жоспарда:

1) табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанатын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ескеріліп, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды және байланыс желісін орналастыруды қоса алғанда, елді мекен аумағын дамытудың негізгі бағыттары;

2) осы аймақтардың аумақтарын функционалдық аймақтарға бөлу және пайдалануға шек қою;

3) елді мекеннің құрылыс салынған және салынбаған аумақтарының арақатынасы;

4) жер басымдықпен иеліктен шығарылатын және сатып алынатын аймақтар, резервтік аймақтар;

5) аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар;

6) кешенді көлік схемасын (қажет болған жағдайда), көше-жол желісінің бас схемасын және жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын (қажет болған жағдайда) қамтитын бас жоспардың көлік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттар;

7) су объектілерін ластанудан, бітелуден, сарқылудан қорғау жөніндегі шаралар;

8) елді мекеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар айқындалады.

Осы Бас жоспар Қарағанды қаласының шегінде 49,1 мың га аумаққа әзірленген, кесіп қосылған аумақтарды (Тұзды ауылдық округінің Жаңаауыл ауылы) қамтитын жаңа әкімшілік шекара ескерілген. Қарастырылып отырған аумақ қаланың перспективалы аумақтық дамуын ескере отырып қабылданды.

Бас жоспарды әзірлеу кезінде қала аумағын жоспарлауды ұйымдастыру, әлеуметтік-экономикалық кешен, демографиялық саясат пен тұрғын үй саясаты, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, инженерлік-көліктік инфрақұрылым және қалыптасқан экологиялық ахуал саласындағы қала құрылысы жүйесінің қазіргі жай-күйіне талдау жүргізілді.

Жайлы әрі қауіпсіз мекендеу ортасын құруды қамтамасыз ету үшін елді мекенді орнықты дамыту Бас жоспардың басты мақсаты болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес елді мекенді кеңістікте ұйымдастыру жан-жақты талаптарға сай келуге тиіс: тұрғын үй, өндіріс, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, демалыс және қала тұрғындарының жайлы тұруын қамтамасыз ететін басқа да функциялар үшін ыңғайлы алаңдар ұсыну.

### **3-тарау. Жалпы мәліметтер**

Қарағанды қаласы (бұдан әрі – қала) Қазақстан Республикасының орталық бөлігінде, аумағы жағынан Ақтөбе облысынан кейінгі екінші орында тұрған Қарағанды облысының шегінде орналасқан. Өңір Ақмола, Павлодар, Абай, Жетісу, Алматы, Жамбыл, Ұлытау және Қостанай облыстарымен шектеседі.

Аса маңызды ішкі және халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында тұрған Қарағанды стратегиялық жағдайға ие. Теміржол қатынасының, халықаралық әуежайдың болуы қалаға Қазақстан Республикасының халықаралық мультимодальды көлік торабын (хабын) қалыптастыру үшін мүмкіндік береді.

### **4-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму**

#### **1-параграф. Демография**

Қарағанды қаласы аумағының әкімшілік шекарасы шегіндегі халық саны бастапқы жылы 516,7 мың адамды құрады.

Қала халқы санының перспективалы болжамы корреляциялық-регрессиялық талдау, адамдардың жастан-жасқа өту әдістері, статистикалық модельдеу және еңбек балансы негізінде экономикалық-математикалық әдістер пайдаланылып, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының әдістемесі бойынша халықтың табиғи және көші-қон қозғалысында объективті болып жатқан өзгерістер ескеріліп орындалды.

Халықтың перспективалы саны қаланың әлеуметтік-экономикалық қызметінің барлық салаларындағы қызметке еңбекке қабілетті жастағы халықтың оңтайлы қосылуын ескере отырып, статистикалық модельдеу әдісімен айқындалған.

Қала халқының жобалық саны:

- 1) құрылыстың бірінші кезегі (2030 жыл) – 570,0 мың адам;
- 2) есепті мерзім (2040 жыл) – 660,0 мың адам.

Жобалау кезеңдері бойынша халықтың жалпы болжамды өсімі:

құрылыстың бірінші кезеңі (6 жыл) – 53,3 мың адам;

есепті мерзім (10 жыл) – 90,0 мың адам.

Есепті мерзімнің соңына қарай еңбекке қабілетті жастан кіші халық саны Қарағанды қаласы халқының 26,1 %-ын, еңбекке қабілетті жастағы – 58,1%-ын және еңбекке қабілетті жастан асқан халық 15,8 %-ын құрайды.

## **2-параграф. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс**

Бастапқы жылы қала құрылысы үшін игеруге арнап тұрғын үй құрылысы мен қоғамдық құрылыс салынатын аудан 5626,2 га құрайды, 2040 жылға қарай селитебті аумақ ауданы 9754,7 га дейін ұлғаяды.

Қаланың тұрғын үй қоры бастапқы жылы 12480,2 мың м<sup>2</sup> құрады, бір тұрғынға шаққанда қаланың барлық тұрғындарының орташа қамтамасыз етілуінің жалпы ауданы 24,15 м<sup>2</sup> құрайды.

Халық тұрып жатқан жағдайларда аумақтық және әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерді жою Бас жоспарының басым мақсаттарының бірі болып табылады, атап айтқанда, қаланың әрқилы аудандарының арасында тұрғын үй қорымен қамтамасыз етілу көрсеткіштерін теңестіруге ерекше назар аударылады. Бұл ретте есепті кезеңге арналған Бас жоспарда қалада тұрудың жайлылығын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй қорымен қамтамасыз етілу көрсеткіші бір адамға 29,55 м<sup>2</sup> деп қабылданған және тұру жайлылығының осындай деңгейіне қол жеткізу үшін тұрғын үй қорын 19506,0 мың м<sup>2</sup> дейін ұлғайту қажет.

Жобалық кезеңде жаңа тұрғын үй құрылысының көлемінің жалпы ауданы 7628,7 мың м<sup>2</sup> құрайды, оның ішінде аз қабатты көппәтерлі үйлерде (1-3 қабат) – 2160,1 мың м<sup>2</sup>, орташа қабатты көппәтерлі үйлерде – 635,6 мың м<sup>2</sup>, көп қабатты көппәтерлі үйлерде – 4832,9 мың м<sup>2</sup>.

## **Қоғамдық қызмет көрсету саласы**

Бас жоспарда әлеуметтік саланы халықты әлеуметтік маңызы бар объектілердің тегін қызмет көрсетуімен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытында жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен қала құрылысы жағдайларын ескере отырып дамытып, қызмет көрсетудің мемлекеттік нысаннан басқа нысандарын дамытумен ұштастыру көзделеді.

Бас жоспарда есепті мерзімге жалпы білім беретін мекемелердегі орындар санын 66,6 мың оқушы орнына немесе бұрыннан бар 61520 орынға немесе бастапқы жылғы 81 мемлекеттік мектепке қатысты 54 мектепке ұлғайту көзделген.

Мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту үшін есепті мерзімге мектепке дейінгі мекемелердегі орындар санын 30,0 мың орынға ұлғайту көзделген, жоспарланып отырған құрылыс мемлекеттік және жеке форматтағы жеке тұрған, сондай-ақ кіріктірілген-жапсарлас мектепке дейінгі ұйымдарды орналастыруды көздейді.

Есепті мерзімге жайлы өмір сүруді қамтамасыз ету үшін жалпы қуаты бір ауысымда 1,25 мың адам болатын амбулаториялық мекемелерді енгізу, сондай-ақ халықтың болжамды санын ескере отырып, төсек-орынның ауруханалық қорын 599 бірлікке ұлғайту қажет.

Бірінші кезеңде мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің 6 объектісін салу көзделген, соның ішінде 2 аурухана, 4 амбулаториялық емхана.

### **3-параграф. Экономикалық қызмет**

Қарағанды қаласының экономикалық қызметі көп қырлы әрі ол дамып келеді. Қысқаша айтқанда, оны "өнеркәсіп, көмір және логистика" деп сипаттауға болады.

Өнеркәсіп секторы: Қарағанды Қазақстанның аса ірі индустриялық орталықтарының бірі болып табылады. Мұнда металлургия, машина жасау, химия және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары шоғырланған. Өнеркәсіп қаланың да, жалпы өңірдің де экономикасын қалыптастыруда түйінді рөл атқарады.

Отын-энергетика кешені: Қарағанды тарихи тұрғыдан еліміздегі көмір өндіру орталығы болып табылады. Қарағанды көмір бассейні ұлттық экономика үшін стратегиялық маңызды ресурс болып қала отырып, энергетикалық объектілер мен өнеркәсіптің орнықты жұмысын қамтамасыз етеді.

Көлік және логистика: еліміздің орталық бөлігіндегі қолайлы географиялық жағдай Қарағандыға маңызды көліктік-логистикалық торап мәртебесін береді. Магистральдық инфрақұрылымды, теміржол және автомобиль байланыстарын дамыту қаланың республикалық және халықаралық жүк легіне интеграциялануына әсерін тигізеді.

Бұдан басқа, Қарағандыда құрылыс, білім беру, медицина, IT-сектор және қызмет көрсету саласы сияқты экономиканың басқа да салалары дамуда. Алайда өнеркәсіп, көмір өнеркәсібі және логистика қаланың экономикалық белсенділігін анықтайтын негізгі бағыттар болып қала береді.

### **4-параграф. Қаланың өндірістік аймақтары**

Экономиканы әртараптандыру және қалада еңбек ету орындарын құру мақсатында қазір жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік, индустриялық аймақтар және "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағының (Бұқар Жырау ауданы) аумағы шегінде өнеркәсіпті дамыту көзделген. Қалада іске асырылатын негізгі бағыттар – көмір өнеркәсібі, қара

және түсті металлургия, машина жасау, химия және фармацевтика өнеркәсібі, тұрғын үй, азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс мұқтаждығына арналған құрылыс индустриясы, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі, азық-түлік пен сусындар өндірісі.

## **5-тарау. Қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары**

### **1-параграф. Сәулет-жоспарлау аспектілері**

Қарағанды қаласы алдағы уақытта да Қарағанды облысының әкімшілік, мәдени және өнеркәсіптік орталығы ретінде дамитын болады. Қаланың ұзақмерзімді даму болжамының сәулет-жоспарлау шешімінің негізі ретінде (тұжырымдама) тарихи қалыптасқан селитебті және өнеркәсіптік аумақтар жүйесі алынған.

Қарағанды қаласының аумақтық дамуы Бас жоспарда белгіленген шекарада іргелес жатқан жерлердің қосылуымен (иеліктен шығарылуымен) байланысты. Қаланың аумақтық дамуы кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады: бірінші кезек, аралық кезең және есепті мерзім.

Бірінші кезекте салынатын тұрғын үй, әлеуметтік және қоғамдық қызмет көрсету объектілерінің, көше-жол желісі мен инженерлік инфрақұрылымның аумақтары алдымен иеліктен шығарылатын аймақтар болып табылады, оларды алу Қазақстан Республикасының Жер кодексі 84-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Стратегиялық маңызы бар байланыстырушы элементтер болып табылатын магистральдық көшелер салу үшін жерді алу Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін жүзеге асырылады.

Бас жоспарда есепті мерзімге игеру көзделген аумақтар резервке қойылатын аймақтарға жатады, бұл аумақтарды қала құрылысы мақсатында игеру басталғанға дейін мұнда қандай да бір құрылыс салуға тыйым салынады.

Жобаның сәулет-жоспарлау шешімі халықтың тұруы үшін ең үздік жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Жобада бүкіл қазіргі күрделі тұрғын үй қоры, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету объектілері, жасыл желектер, абаттандырылған көшелер мен инженерлік желілер сақталады. Сабақтастықты сақтау мақсатында қаланың алдыңғы бас жоспарының негізгі сәулет-жоспарлау шешімі, көшелер мен жолдар желісі, аумақтарды негізгі функционалдық аймақтарға бөлу барынша сақталды.

Өндірістік аймақтар мен қосымша өңдеу аймақтарының жағдайы басым сипатта болып отырған уақытта қаланы аумақтық және жоспарлы дамыту проблемаларын шешу Қарағанды қаласының перспективалы жоспарлау құрылымының негізіне алынды. Бөлек-бөлек орналасқан кенттер мен бір-бірінен де, қала орталығынан да қашық аудандық селитебті аумақтардың қалыптасып қалған әркелкілігін еңсеру Қарағанды қаласында құрылыс салуды жоспарлаудың міндеті болып табылады.

Қазіргі уақытта қаланың жоспарлау құрылымын негізгі бес селитебті құрылым мен оларға ілесіп өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма аймақтары құрайды: Жаңа қала, Пришахтинск, Оңтүстік-Шығыс, Майқұдық, Қарағанды-Сұрыптау және Батыс, Орталық, Оңтүстік, Майқұдық өнеркәсіптік аймақтары.

Қаланың жоспарлау аудандары арасындағы байланыстарды күшейтуді ескере отырып, ұзақ магистральдық және тұрғын көшелерді, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын қалыптастыра отырып, көмір қазбаларынан алшақ экологиялық қолайлы аймақта қаланы одан әрі дамыту идеясы Бас жоспардың сәулет-жоспарлау және кеңістіктік шешімінің артықшылығы болып табылады.

Қаланың батыс бөлігіндегі айналма автожолды дамытумен, сондай-ақ оңтүстік-шығыс аймақтың (Оңтүстік-Шығыс және Майқұдық) аудандарын Солтүстік-Батыспен (Пришахтинск) және Алматы-Астана автожолымен тікелей байланыстыратын жаңа диаметрді қалыптастыру арқылы қаланың негізгі көшесі – Бұқар Жырау даңғылының шамадан тыс жүктемесін азайту көзделеді.

Жоспарлы және тұрғын аудандардың аумақтық дербестігі мен салыстырмалы өзін-өзі қамтамасыз етуі олардың ішкі құрылымын және қалыптасқан қоғамдық орталықтарды бау-бақша, саябақ, мәдени-демалыс және спорттық-сауықтыру кешендерімен өзара байланыста жетілдіру, сондай-ақ тұрғын аумақтарды нормативтік әлеуметтік маңызы бар мекемелермен (жалпы білім беретін мектептер, балабақшалар, денсаулық сақтау мекемелері) қамтамасыз ету қажеттігін айқындайды.

Қаланың қоғамдық орталықтары жүйесінің моделі жалпықалалық орталықтан жоспарлау аймақтары мен аудандардың орталықтарына қарай, көпфункционалды сипатқа ие тұрғын аудандар орталықтарының қалыптасқан желісін, сондай-ақ қаланың орталық және шеткі бөліктеріндегі қалалық арнайы қоғамдық орталықтар жүйесін дамытуға қарай бағытталған иерархиялық құрылымды білдіреді.

Қаланың қоғамдық орталықтары жүйесін дамытуда "Жаңа қала" аумағында орналасқан қалыптасқан жалпықалалық орталықтың, әкімшілік-іскерлік функциялар шоғырланған орындардың және бірегей қоғамдық мекемелердің, жетекші сәулет ансамбльдерінің, сондай-ақ тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерінің бұлжымас әлеуметтік-мәдени және тарихи маңызы қалады.

Аймақтық қоғамдық орталық функцияларын біріктіретін ауданның негізгі магистральдарының бойында орналасқан оңтүстік-шығыс жоспарлау ауданының қоғамдық орталығын дамыту оны тығыздау, оның функционалдық әралуандығы және тұрғын ортамен біртұтастығы жолындағы іс-шараларды көздейді.

Денсаулық сақтау, білім беру мекемелері, спорттық-рекреациялық кешендері бар, сондай-ақ қалыптасқан аумағы үлкен қоғамдық кешендерді қамтитын қалалық маңызы бар қоғамдық арнайы орталықтар жүйесі дамитын болады:

Михайловкадағы Сейфуллин көшесіндегі және Оңтүстік-Шығыс ауданындағы Құрылысшылар даңғылындағы Оңтүстік-Шығыс жоспарлау ауданындағы медициналық орталықтар;

Оңтүстік-Шығыс ауданындағы Мұқанов көшесі мен Құрылысшылар даңғылындағы университет орталығы

Сондай-ақ жаңадан құрылатын:

Федоровск су қоймасының қалалық демалыс аймағы;

Голубые пруды ауданындағы жаңа аумақтарда ірі қоғамдық-спорт орталығын салу, Триатлон паркі аймағын және "Карат" жылқы зауытымен бірге ипподромды дамыту;

теміржол магистралі мен көпфункционалды қоғамдық және сауда орталығы кешенінің оңтүстігіндегі орталық өнеркәсіптік-коммуналдық аймақтың аумақтарын жаңарту аймағында өрістетілетін өңірлік сауда-сервис орталығы.

## **2-параграф. Функционалдық аймақтардың жалпы қала құрылысы регламенттері**

Бас жоспарда аумақты функционалдық аймақтарға бөлу орындалды және мынадай функционалдық аймақтар айқындалды:

- 1) тұрғын аймақ (Т),
- 2) қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймағы (Қ),
- 3) рекреациялық аймақ (Р),
- 4) өнеркәсіптік (өндірістік) аймақтар (Ө),
- 5) инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары (И),
- 6) арнайы мақсаттағы аймақ (А),
- 7) резервтік аумақтар аймақтары (РА),
- 8) санитариялық-қорғау аймақтары (СҚА),
- 9) режимдік аумақтар (РА),
- 10) ауыл шаруашылығын пайдалану аймақтары (АШ).

Әрбір аймақ үшін қала құрылысы регламенті айқындалып, жер учаскелерін, өзге де жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану түрлері мен параметрлерінің жиынтығы, сондай-ақ оларды өзгертудің рұқсат етілген мөлшері белгіленген.

Регламентте айқындалған қала құрылысы қызметінің шектеулері мемлекеттік, қоғамдық мүдде мен жеке мүдде талаптарын ескере отырып жобаланатын аумақтың ресурстық әлеуетінен, игеру қарқындылығынан және белгіленген функционалдық мақсатынан туындайды.

Бөлінген аймақтардың әрқайсысының аумағында қала құрылысы қызметінің регламентімен, егер бұл қызмет жобаланатын аумақтың белгіленген функционалдық мақсатына қайшы келмесе, заңнамада тыйым салынбаған кез келген қала құрылысы қызметін жүзеге асыруға жол беріледі.

Қаланың тұрғын аумағы жайластырылған үй маңындағы аумақтары, бастапқы қызмет көрсету объектілері бар тұрғын үйлерді салуға арналған және халықтың



тығыздығы мен құрылыс сипатының көзделген нормативтеріне байланысты тұрғын аймақтардың келесі түрлерін қамтиды, атап айтқанда:

жеке учаскелері бар аз қабатты жеке тұрғын үйлер салынатын аумақтар (Ж-1);

пәтер маңындағы жер учаскелері бар аз қабатты тұрғын үйлер (2-3 қабат) салынатын аумақтар (Ж-2);

орташа қабатты құрылыс аумағы (4-5 және 6\* қабат) (Ж-3);

көп қабатты құрылыс аумақтары (6-12 қабат) (Ж-4);

қабат саны көп құрылыс аумақтары (12 қабаттан жоғары) (Ж-5);

тұрғын үй салуға шек қойылған аумақ (Ж-6).

Тұрғын аудандар қаланың негізгі магистральдық және тұрғын көшелерімен шектеліп, ықшамаудандар мен орамдарды құрайды.

Қоғамдық аймақ (қоғамдық-іскерлік, қоғамдық орталық) бір-бірімен біртұтас жүйеге байланысқан әкімшілік және қоғамдық мақсаттағы объектілерден тұратын қаланың аса маңызды құрылым түзуші элементі болып табылады. Бұл аймақ денсаулық сақтау, мәдениет, сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, коммерциялық қызмет объектілерінің, сондай-ақ білім беру мекемелерінің (кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары оқу орындары), әкімшілік, ғибадат үйлерінің, іскерлік, қаржы және қоғамдық орталықтардың қала аумағын қалыптастыруы жағдайларын қамтамасыз етуге арналған.

Қоғамдық-іскерлік аймақтарда қонақүйлерді, жерасты немесе көп деңгейлі паркингтерді орналастыруға болады. Қоғамдық-іскерлік аймақтың аумағында санитариялық және экологиялық қорғау жөніндегі арнайы іс-шараларды талап етпейтін жоғарыда аталған объектілер жанынан көліктің ашық тұрақтары орналастырылады.

Өндірістік аймақтар қаланың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін коммуналдық, өнеркәсіптік және қойма объектілерін орналастыруға арналған. Өндірістік аймаққа объектілердің өздерінің санитариялық-қорғау аймақтарының аумақтары енгізіледі.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары теміржол, автомобиль, теңіз, әуе көлігі құрылыстары мен коммуникацияларын, сондай-ақ инженерлік жабдықтарды орналастыруға және олардың жұмыс істеуіне арналған.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерін орналастыру кезінде міндетті шарт – тіршілік ету ортасына зиянды әсер етуді болғызбау үшін осындай объектілерден тұрғын үй, қоғамдық-іскерлік және рекреациялық аймақтардың аумақтарына дейінгі қажетті арақашықтықты сақтау.

Санитариялық-қорғау аймағы халықтың тіршілік әрекетінің экологиялық қолайлы ортасын қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған. Санитариялық-қорғау аймағы шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлері шектеледі немесе оларға тыйым салынады.

Қалалардағы рекреациялық аймақтар халықтың демалу орындарын (саябақтар, бақтар, қалалық ормандар, жағажайлар және өзге де объектілер) ұйымдастыруға және

қала аумағында қолайлы микроклимат құруға, халықтың демалу орындарын, халықтың серуендеуі үшін абаттандырылған орындарды ұйымдастыруға және жайластыруға арналған.

Қазіргі кезеңде қалада жалпы пайдаланымдағы жасыл желектер тапшы. Бас жоспарда жаңа гүлзарлар мен бульварларды, қоғамдық ғимараттар жанындағы көгалдандырылған алаңдарды және магистральдық көшелер бойындағы жасыл желектерді ұйымдастыру ұсынылады.

Арнайы мақсаттағы аймақтар зираттарды, тұрмыстық қалдықтарды сақтау полигондарын, мал қорымдарын және басқа аумақтық аймақтарда пайдалануға сәйкес келмейтін өзге де объектілерді орналастыру үшін бөлінеді.

Мұндай аймақтарды пайдалану арнайы нормативтердің талаптарымен реттеледі.

Әскери объектілердің және пайдаланылуына қатысты ерекше режим белгіленетін объектілерді орналастыруға арналған режимдік аумақтардың өзге аймақтары да арнайы мақсаттағы аймақтарға жатады.

Санитариялық-қорғау аймағы – бұл тіршілік ету ортасы мен адам денсаулығына келеңсіз әсерін тигізетін көздер болып табылатын өнеркәсіптік және коммуналдық объектілердің айналасында орнатылатын айрықша пайдалану режимі бар арнайы аумақ. Бас жоспарда талдау негізінде санитариялық-қорғау аймақтарының аумақтарын пайдалану, оның ішінде олардан тұрғындарды көшіру бойынша регламенттер берілген.

## **6-тарау. Аумақтың кеңістікте ұйымдастырылуы**

Қаланың селитебті аумағын сәулет-жоспарлау тұрғысынан ұйымдастырудың негізіне Бас жоспарда мына қағидалар қаланды:

есепті кезеңнің соңына қарай композициялық тұрғыдан қисынды түрде тұтасып жатқан кешенді қалалық жүйе құру;

құнды күрделі тұрғын үй қорын, қоғамдық ғимараттарды, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттарды және жасыл желектерді сақтай отырып, қаланың қазіргі қалыптасқан жоспарлау құрылымын барынша пайдалану және есепке алу;

еңбекшілерді еңбек ету орындарына және қаланың қоғамдық орталықтарына, тұрғын аудандарға, өнеркәсіптік-өндірістік аудандарға жеткізуді қамтамасыз ететін қаланың көлік желісін одан әрі қалыптастыру және жетілдіру;

қаладағы микроклиматтық жағдайларды жақсартуға ықпал ететін, мемлекеттік орман қорының санитариялық-қорғау, су қорғау жерлерімен және жасыл екпелердің желден қорғау белдеулерімен ортақ пайдаланылатын жасыл екпелердің бірыңғай, өзара байланысты жүйесін ұйымдастыру.

Қарағанды қаласын перспективада, 2040 жылға дейінгі кезеңде дамыту ішкі резервтер есебінен алдыңғы бас жоспарда айқындалған бұрынғы шекараларда көзделеді. Құрылыс салуға қолайлы аумақтарда қала дәйекті түрде дамиды.

Қала функционалдық тұрғыдан ірілендірілген селитебті, өнеркәсіптік-өндірістік аймақтарға дәл бөлінген. Аймақтарға осылайша бөлу перспективада да сақталады. Селитебті аймақ солтүстік, батыс, шығыс (негізгі) бағыттарда өрістетіледі, өнеркәсіптік-өндірістік аймақ солтүстік-шығыс бөлікте сақталады. Жаңа жұмыс орындарын құру үшін көмір өңдеу аймақтарында көліктік-логистикалық орталықтар жобаланған.

Жобада қалыптасқан өндірістік-өнеркәсіптік аумақтарды ретке келтіру және абаттандыру көзделеді.

Қарағанды қаласының жалпы теңгерімінде өнеркәсіптік аумақтардың көлемі қомақты екенін ескерсек, өнеркәсіптік аймақтардың жаңаларын орналастыру және жұмыс істеп тұрғандарын дамыту үшін түгендеу жүргізіп, ішкі резервтерді анықтау қажет, олардың өндірістік байланыстарын ескеру керек. Бұл ретте тұрғын үй салынатын жерлерден қажетті алшақтықтарды сақтау және санитариялық-қорғау аймақтарын қалыптастыру маңызды міндеттер болып табылады.

Өнеркәсіптік құрылыс қаланың қалыптасқан өнеркәсіптік аймақтарында көзделеді: солтүстік-шығыс өнеркәсіп аймағы (Майкұдық); солтүстік өнеркәсіп аймағы (Пришахтинск); батыс өнеркәсіп аймағы (Михайловка).

Бас жоспар бойынша бүкіл селитебті аумақ бес жоспарлау аймағы түрінде қалыптасады. Қаланың жаңа осьтерінің бойындағы аумақтарда басты магистральдар бойында негізінен қызмет көрсету объектілері бар көп қабатты тұрғын үйлер салынатын болады.

Қабат санын әрқилы етіп қолдану, құрылыс салудың, түстердің, масштабтың, ашық және жабық кеңістіктердің әрқилы түрін алмастырып қолдану – бұл сәулет әдістері магистральдық аумақтардың эстетикалық көрінісін қалыптастырып, қала құрылысын әралуан ете түседі.

## **7-тарау. Көгалдандырылған кеңістіктер жүйесін ұйымдастыру**

### **Қазіргі жай-күйі**

Қарағанды аумағының 35 %-ы топырақтың түрлі дәрежеде ластануының қауіпті деңгейімен сипатталады. Қаланың қалған аумағының бәрінде уытты элементте жоғары дәрежеде шоғырланған, ал топырақ сорбциялық және жинақтау қабілеті жоғары бола отырып, табиғатқа тән геохимиялық ақпаратты жинақтайды және бұзады.

Қаланың біршама аумағының бетінде топырақ жоқ, аумаққа техногендік топырақ себілген, оның кей жеріне өздігінен ағаш, бұта және шөптесін өсімдіктер өсіп кеткен.

Пайдалы қазба қарқынды өндірілетін аймақта тұрғызылған қаланы көгалдандыру (аумақтарды қалпына келтіру) арқылы оның адам тіршілігіне қолайсыз ортасын бейімдеуге тура келеді.

Қарағанды қаласы климаттық және табиғи жағдайларда ағаш өсімдіктерінің өсуі үшін ерекше қолайсыз (кей жерлерде) өңірде орналасқан. Өмір сүруге қолайлы кез келген елді мекен сияқты Қарағанды қаласының да өз көгалдандыру жүйесі бар. Өңірдегі климаттық жағдайлардың күрделі болуына қарамастан, көптеген басқа қалалар сияқты Қарағандыда да өзінің көгалдандыру жүйесіне бар. Көгалдандыру жайлы қалалық орта құруда және экологиялық жағдайды жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Қарағандыда жасыл желектердің әрқилы түрлерін, оның ішінде ағаштарды, бұталарды, көгалдарды және желекжолдарды кездестіруге болады. Қаланы көгалдандыру үшін ағаштар мен бұталардың жергілікті климаттық жағдайларға бейімделген түрлері қолданылады.

Қарағандыны көгалдандыру қалалық қызмет күштерімен де, жеке тұлғалар мен ұйымдардың күшімен де жүзеге асырылады. Қалада жасыл қорды дамытуға және жасыл желектерді жақсартуға бағытталған түрлі бағдарламалар мен жобалар бар.

Көгалдандыру келесі функцияларды орындай отырып, қала өмірінде маңызды рөл атқарады:

Экологиялық функция: жасыл кеңістіктер ауаны ластанудан тазартады, шуды азайтады және қаланың микроклиматын жақсартады.

Эстетикалық функция: көгалдандыру қаланы тартымды және жайлы етеді, демалуға және серуендеуге ыңғайлы жағдай жасайды.

Әлеуметтік функция: жасыл желектер қала тұрғындарының қарым-қатынасы мен демалысына арналған орын болып табылады, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қаланың көгалдандырылған аумақтарының жүйесіне жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтар (саябақтар, гүлзарлар, бақтар, желекжолдар), тұрғын үй топтары мен жеке үйлер жанындағы үй маңындағы жолақтарда, мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінің учаскелерінде, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің аумақтарында, дене шынықтыру алаңдары мен спорт кешендерінің учаскелерінде шектеулі пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтар, сондай-ақ көше екпелерін, өнеркәсіп орындарының аумақтарындағы санитариялық-қорғау аймақтарының екпелерін, орман-саябақ екпелерін қамтитын арнайы мақсаттағы көгалдандырылған аумақтар, желден қорғайтын орман белдеулері, сондай-ақ қорғалатын табиғи ландшафт аумақтары кіреді.

### **Жобалық ұсыныстар**

Қарастырылып отырған аумақтың көгалдандырылған кеңістіктерін ұйымдастырудың негізгі тұжырымдамасы – мемлекеттік орман қорының жасыл

желектерінен қалыптасатын әрі қала ішіндегі кеңістікпен перпендикуляр және бойлық желекжолдар, саябақтар, гүлзарлар желісімен байланысатын, көгалдандырылған кеңістіктердің бірыңғай жүйесін құрайтын жасыл белдеу құру.

Қаланы көгалдандыру жүйесіне жалпыға ортақ пайдаланылатын екпелер (саябақтар, гүлзарлар, бақтар, желекжолдар), тұрғын үй топтары мен жеке үйлердің жанындағы үй маңындағы жолақтардағы, мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінің учаскелеріндегі, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің аумақтарындағы, дене шынықтыру алаңдары мен спорт кешендерінің учаскелеріндегі екпелер, көше екпелері, өнеркәсіп орындарының аумақтарындағы санитариялық-қорғау аймақтары, орман-саябақ екпелері, желден қорғайтын орман белдеулері кіреді.

Қарағанды қаласының су объектілері қаланың жасыл қаңқасының құрылымына қосылған – жағалау сызықтары бойында экологиялық дәліздер, саябақ және орман-саябақ аймақтары, беткейлерді биосүзгілеу және ландшафттық тұрақтандыру функциясы бар екпелер қалыптастырылуда. Бас жоспарда тұрақты және уақытша су ағындарын, каналдар мен су айдындарын қамтитын су қорғау аймақтары мен жағалаудағы қорғау белдеулері ескерілген; бұл аумақтарда объектілерді орналастыруға, қоймалауға, сарқынды суларды ағызуға және табиғи өсімдіктерді кесуге жол бермейтін режим белгіленген.

Жергілікті атқарушы органдар авариялық жағдайлардың алдын алу үшін ескі ағаштарда міндетті түрде түгендеуді жүргізіп, өсіп тұрған жасыл желектерді сақтау, атмосфералық ауаның ластануына төзімді және СО сіңіру деңгейі жоғары жасыл желек түрлерін іріктеудің қазіргі заманғы өлшемдеріне сәйкес алыстағы кәрі екпелердің орнына өтемдік отырғызуды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізетін болады.

## **8-тарау. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау**

Қарағанды – өз мәртебесін ресми түрде 1934 жылы алған салыстырмалы түрде жас қала.

Сондықтан қала аумағындағы барлық ескерткіштер шамамен 100 жылды қамтитын бір уақыт кезеңіне жатады.

Сондай-ақ қалада алаңдарда, көшелердің, желекжолдардың тоғысуында, саябақ аймағында тұрған және қала тұрғындары үшін өзіндік тақырыптық орындар,obeliskтер жасайтын ескерткіштер,obeliskтер, сәндік элементтер бар.

Қарағанды қаласының аумағында 34 тарихи-мәдени мұра объектісі тіркелген, соның ішінде ансамбльдер мен кешендер – 2, қала құрылысы және сәулет – 19, монументалды өнер ғимараттары – 13.

Бас жоспардың міндеттерінің бірі – қаланың мәдени және эстетикалық құндылықтарын сақтау үшін қажетті шараларды анықтау. Қазіргі қаланың тарихи

элементтері тұтас дүниенің органикалық бөлшегі болып қалуы керек, бұл ескерткіштер объектілерінің қоршаған ортамен байланысын ескере отырып, мәдени және сәулеттік мұраны сақтау қажеттігін негіздейді.

Тарихи мұраны зерделеу, оның маңыздылығын анықтау, қаланың тарихи даму кезеңдерін зерттеу, ландшафтты бағалау және оның қала құрылымымен байланысы нәтижесінде қаланың тарихи-мәдени мұрасын, оның ескерткіштерін және оларды қоршаған тарихи-кеңістіктік ортаны қорғау, сондай-ақ оларды сақтау және қазіргі заманғы пайдалану мүмкіндіктері бойынша негізделген ұсыныстар әзірленді.

## 9-тарау. Қаланың көліктік инфрақұрылымы және көше-жол желісі

Қолданыстағы желінің қаңқасы – қаланың орталық аймақтарында көшелер тікбұрыш жасап орналасқан радиалды-сақиналы құрылым. Радиалды көшелер сыртқы кіреберіс жолдар мен шеткі аймақтарды қала аудандарының орталық аймақтарымен байланыстырады, бұл олардың жүктелуін анықтайды. Қала аумағындағы қалаға кіретін сыртқы радиалды автожол бағыттары реттелетін қозғалыстың магистральдық жолдары (РҚМЖ) және реттелетін қозғалыстың жалпы қалалық маңызы бар магистральдық көшелері (РҚМК) болып жіктеледі. Аудандық маңызы бар магистральдық көшелер мен жергілікті маңызы бар көшелерді салу жаңа тұрғын үйлер салынатын аудандарда, сондай-ақ қаланың коммуналдық және өндірістік аймақтарының жаңа аумақтарында жоспарланған. Құрылыстың негізгі аймақтары: Майқұдық, Голубые пруды, Пришахтинск, Күнгеі, Оңтүстік-Шығыс.

Көшелердің параметрлері "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" 3.01-101-2013 ҚР БК бойынша қабылданған.

### Көше-жол желісінің қабылданған негізгі көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Кезеңдер бойынша көрсеткіштердің шамасы			
			01.01.2024 ж.	2030 жыл	2040 жыл	2055 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1.	Көше мен жолдардың жалпы ұзындығы, оның ішінде өтпелерді ескермегенде	км	1660,7	1954,9	2282,3	2520,7
		км	957,7	1223,2	1529,8	1765,1
2.	Көшелер мен жолдардың ұзындығы					

2.1.	автомобиль жолдарының барлығы, оның ішінде	км	66,5	66,5	61,1	98,7
	халықаралық маңызы бар, оның ішінде жаңа құрылыс	км км	47,4	47,4 0,0	47,4 0,0	85,0 37,6
	- республикалық маңызы бар	км	5,0	5,0	5,0	5,0
	- облыстық маңызы бар	км	5,9	5,9	2,8	2,8
	- жергілікті маңызы бар	км	8,2	8,2	5,9	5,9
	магистральдық барлығы, оның ішінде:	км	304,2	365,3	465,4	543,5
	қозғалыс жүрдек магистральдық жолдар - ҚЖ, оның ішінде жаңа құрылыс	км км	0,0 0,0	0,0 0,0	0,0 0,0	0,0 0,0
	қозғалыс реттелетін магистральдық жолдар - ҚРМЖ, оның ішінде жаңа құрылыс	км км	92,5	92,5 0,0	83,3 8,5	92,9 9,6
	қозғалыс үзілмейтін жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелер - ҚҮМ, оның ішінде жаңа құрылыс	км км	0,0	0,0 0,0	0,0 0,0	0,0 0,0
	қозғалыс реттелетін жалпықалал					

	ық маңызы бар магистральдық көшелер - ҚРМК, оның ішінде жаңа құрылыс	км км	72,9	82,7 9,8	124,3 22,2	130,0 5,7
	аудандық маңызы бар магистральдық көшелер - АудМ	км км	138,8	190,1 51,3	257,8 38,7	320,6 62,8
	оның ішінде жаңа құрылыс					
2.2.	жергілікті маңызы бар - ЖКЖ барлығы, оның ішінде :	км	587,0	791,4	1003,3	1122,9
	- тұрғын үй құрылысында негізгі, оның ішінде жаңа құрылыс	км	133,2	214,2 81,0	295,6 53,8	365,6 70,0
	- тұрғын үй құрылысында екінші, оның ішінде жаңа құрылыс	гм	400,7	510,7 110	573,5 78,0	610,5 37,0
	- ғылыми-өндірістік, өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма аудандарында, оның ішінде жаңа құрылыс	км	53,1	66,5 13,4	134,2 65,9	146,8 12,6
2.3.	Өтпелер, оның ішінде жаңа құрылыс	гм	703,0	731,7 28,8	752,5 20,8	755,6 3,1
3.	Құрылыс салынған	км2	342,8	353,0	371,0	410,0



	аумақтың ауданы					
4.	Көше-жол желісінің тығыздығы, оның ішінде :	км/км2	2,8 1	3,5 1	4,1 1	4,3 1
	- магистральдық	км/км2	1,1	1,2	1,4	1,6
5.	Жасанды құрылыстар					
	5.1 Көліктік, оның ішінде:	бірлік	52 4	52 4	57 4	70 4
	теміржол өткелдері, оның ішінде жаңа құрылыс	бірлік бірлік	7	7 0	8 1	15 7
	автомобиль өткелдері, оның ішінде жаңа құрылыс	бірлік бірлік.	19	19 0	21 2	28 7
	су жолдары арқылы өтетін теміржол көпірлері,	бірлік бірлік	6	6 0	6 0	6 0
	оның ішінде жаңа құрылыс					
	әртүрлі деңгейдегі автомобиль жол айрықтары, оның ішінде жаңа құрылыс	бірлік бірлік	15 2	15 2 0	17 2 2	25 2 8 6
	су жолдары арқылы өтетін автомобиль көпірлері, оның ішінде жаңа құрылыс	бірлік бірлік	9 3	9 3 0	9 3 0	9 3 0

	5.2 Жаяу жүргіншілер, оның ішінде:	бірлік	8	8	8	н/д
	- көше-жол желісі астындағы көшеден тыс	бірлік	3	3	3	н/д
	- көшеден тыс Т/Ж	бірлік	5	5	5	н/д
6	"Қарағанды 2" жаңа теміржол вокзалының құрылысы	бірлік			1	
7	"Майқұдық" және "Оңтүстік-Шығыс" аудандары арасында жаңа автовокзал салу	бірлік			1	
8	"Сары-Арқа" әуежай базасында аэрохаб құру	бірлік		1		
9	Қала маңындағы аймақта теміржол желілерін салу	км				107

## 10-тарау. Инженерлік инфрақұрылым

### 1-параграф. Сумен жабдықтау

#### Қазіргі жай-күйі

Қарағандыда шаруашылық-ауызсу, өндірістік және өртке қарсы сумен жабдықтаудың орталықтандырылған біріктірілген жүйесі жұмыс істейді. Негізгі тұтынушылар – тұрғындар, қала кәсіпорындары, ЖЭО-3 және Теміртау қалалары.

Сумен жабдықтау көзі – Қ. Сәтбаев атындағы каналдан жерүсті су тарту (жылына 58-84 млн м<sup>3</sup>).

Қала сумен жабдықтау бойынша екі аймаққа бөлінген:

I аймақ – Әлихан Бөкейхан ауданы (Майқұдық, Сұрыптау, Пришахтинск, Тихоновка, Шахтинск қанаты);

II аймақ – Қазыбек би ауданы (Жаңа қала, Оңтүстік-Шығыс, Федоровка, Михайловка, Ақтас кенті).

Орталықтандырылған сумен халықтың 90 %-ы, есепке алу аспаптарымен 82 %-ы қамтылған.

### **Жобалық ұсыныстар**

Сумен жабдықтаудың аймақтық жүйесін жаңғырту және дамыту көзделеді, атап айтқанда:

№ 3 СС-ға (Теміртау, ЖЭО-3, шығыс) сорғы топтарын бөлу, № 3 су аққысындағы бустерлік станция;

Оңтүстік Майқұдық, Голубые пруды, Восток-5 үшін сорғылар орнатып және № 4 резервуар салып, "II аймақ" СС жаңғырту;

№ 1, 2, 3 СС және барлық БТҚ желілерді реконструкциялау;

375,25 км желі салу (оның ішінде 75,25 км – жаңа); 2040 жылға дейін тағы 336,5 км (16,5 км жаңа).

Қосымша:

ЖЭО-3 реттегіш сыйымдылықтарын қалпына келтіру;

қысым реттегіштері мен тексеру клапандарын орнату;

техникалық су құбырын салу (2040 жылға дейін жиыны 5,6 км);

100 % есепке алу аспаптарымен қамту.

Болжамды көрсеткіштер:

Су тұтыну: бірінші кезекте – тәулігіне 210 мың м<sup>3</sup> (2030), есепті мерзімге – тәулігіне 238 мың м<sup>3</sup> (2040);

Өрт сөндіру: 3 өртке дейін 90 л/с (тұрғын аумақ), 2 өртке дейін 50 л/с (өнеркәсіптік аймақтар);

Үлестік су тұтыну – 1 тұрғынға тәулігіне 140 л.

Бас жоспарда су құбырының қазіргі аймақтық жүйесін сақтау және дамыту, 2040 жылға оның шаруашылық-ауызсу, өндірістік және өртке қарсы су құбыры ретіндегі өнімділігін тәулігіне 238,13 (ең жоғары тәуліктік 280,48) мың м<sup>3</sup> дейін ұлғайту көзделеді.

Су құбырының қолданыстағы аймақтық жүйесін дамыту қолданыстағы жүйеге мынадай өзгерістер енгізуді білдіреді:

Әртүрлі бағыттарда су беру үшін сорғылардың жекелеген топтарын № 3 СС-на бөлу : су құбырлары № 3, № 4, № 5, № 6, Теміртау, ЖЭО-3;

Қазыбек би ауданын және "2-аймақ СС" резервуарларына су беру үшін № 3 су құбырын бөлу және онда үдеткіш айдау станциясын ұйымдастыру, бұл осы бағытқа су беретін № 3 СС сорғылары тобының шығаберісінде талап етілетін қысымды төмендетуге мүмкіндік береді.;

№ 3 СС сорғыларының тиісті тобынан су алатын Шығыс бағыттың солтүстік бөлігін жеке ішкі аймаққа бөлу. Бұл № 3 СС сорғыларының тиісті тобының қысымын шектеуге мүмкіндік береді;

"2-аймақ СС" шығыс бағыттың оңтүстік бөлігі арқылы жеке ішкі аймаққа (Майқұдық оңтүстік бөлігі) су беретін сорғылар тобын бөлу. "2 аймақ" сорғы станциясында № 4 резервуар салу;

"2-аймақ СС" сорғыларының басқа тобынан су алатын "биік аймақ" ұйымдастыру (Голубые пруды, Восток-5 ықшамаудандары және Майқұдықтың оң жағындағы перспективалы құрылыс ауданы);

Қазыбек би атындағы ауданның СЖДР-не жаңа енгізуді Қазыбек би атындағы ауданның қолданыстағы СЖДР-не (НМК ауданы, 562 м белгісі) № 3 суағардан (теміржол бойында) тармақ төсеу жолымен ұйымдастыру;

"2-аймақ СС" резервуарларын № 3 су құбырлары Қазыбек би ауданының орташа тәуліктік су тұтынуының жиынына және "2-аймақ СС" орташа тәуліктік су беру жиынына тең мөлшерде тұрақты су беріп, тәулік бойы жұмыс істегендей етіп толықтыру;

Қазыбек би ауданының СЖДР орталық және оңтүстік бөліктерінде еркін қысымның нормативтен (60 м) асып кетуіне жол бермейтін қысым реттегіштері мен кері клапандарды орнату;

ЖЭО-3-те реттеуші сыйымдылықтарды қалпына келтіру, бұл ЖЭО-3 мұқтажы үшін су берудің тәуліктік және маусымдық біркелкі болмауын тегістеуге мүмкіндік береді.

Құрылыстың 1-кезегінде 2030 жылы мыналар көзделеді:

№ 2 СС реконструкциялау;

БТҚ-1, БТҚ-2 реконструкциялау;

№ 3 СС реконструкциялау. Сорғы жабдығын ауыстыру. № 3 СС-да жеке сорғы топтарын бөлу;

Жаңа резервуар салып, "2 аймақ" СС реконструкциялау;

Тозу дәрежесіне байланысты 1119,1 км-нің тозған су құбыры желілерін кезең-кезеңімен реконструкциялау, 300 км;

Құрылыс салу жоспарланған аудандарда сумен жабдықтау желілерінің жаңа су құбырларын салу, 75,25 км;

Ұзындығы 3,8 км техникалық су құбырын салу;

Есепке алу аспаптарын орнату, жеке тұлғалар бойынша – 15180 бірлік, заңды тұлғалар бойынша – 121 бірлік;

Желіде орнатылған 1465 өрт гидранттарының 279 өрт гидрантын жөндеу немесе ауыстыру;

2040 жылға дейінгі есепті кезеңге мыналар көзделеді:

№ 1 СС реконструкциялау;

БТҚ-3 реконструкциялау;

Тозу дәрежесіне байланысты 1119,1 км-нің тозған су құбыры желілерін кезең-кезеңімен реконструкциялау, 320 км;

Құрылыс салу жоспарланған аудандарда сумен жабдықтау желілерінің жаңа су құбырларын салу, 16,5 км;

Ұзындығы 1,8 км техникалық су құбырын салу;

Есепке алу аспаптарын орнату, жеке тұлғалар бойынша – 15000 дана, заңды тұлғалар бойынша – 120 дана;

Қазіргі уақытта су құбыры желілерінде өрт гидранттары көзделмеген аудандарда оларды орнату: Курьяновка, Финский, ТББ, Нефтебаза және Мелькомбинат кенттері, Складская, Технологическая, Крупская, Соревнования көшелері, сондай-ақ Михайловка, Жаңа Тихоновка, Көлік цехы жеке секторы, Күнгеі, Кирзавод 1-2, Таугүл, Әшімов, Берлин, Сахалин, Шахтерский, Кирзавод 3-4 ықшамаудандары, Үлкен Михайловка станциясы.

Бас жоспардың шешімдерін іске асыру үшін жобалаудың келесі кезеңінде "Қарағанды қаласын сумен жабдықтау жүйелерін дамытудың 2040 жылға дейінгі схемасы" техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және бекіту қажет.

## **2-параграф. Су бұру**

### **Қазіргі жай-күйі**

Қарағанды қаласының су бұру жүйесі бөлек, екі бассейн бойынша ұйымдастырылған:

I бассейн (негізгі): Сұрыптау, Майқұдық, Оңтүстік-Шығыс, Федоровка, Михайловка, Жаңа қала аудандарына қызмет көрсетеді. Сарқынды су "Қарағанды Су" ЖШС "Аэрация" станциясына 9 кәріздік сорғы станциясы (КСС) арқылы жіберіледі (1982 жылы пайдалануға берілген, өнімділігі тәулігіне 232 000 м<sup>3</sup>).

II бассейн: Пришахтинск, Шахтинск қанаты аудандарына және Өзен кентіне қызмет көрсетеді, сарқынды су "Капиталстрой" ЖШС-ның КСС-на (Саран қ., қуаты тәулігіне 22 000 м<sup>3</sup>, 1977 жылы пайдалануға берілген) бөлінеді.

"Сарыарқа" АЭА сарқынды суды осы аймақтың жергілікті тазарту құрылысжайларына жібереді.

Орталықтандырылған кәрізбен халықтың 73,36 %-ы қамтылған. Желінің ұзындығы – 714,26 км, оның ішінде:

өздігінен ағып жатқан желілер – 682,26 км,

тегеурінді коллекторлар – 32,0 км.

Желілердің тозуы – 84%.

Септиктерден ағызатын 6 нүкте бар. 9 КСС – үшеуі (КСС-1, КСС-10, КСС-13) жөндеуді қажет етеді.

Тазарту құрылысжайлары:

"Аэрация" станциясы: қуаты — тәулігіне 232 мың м<sup>3</sup>, 1982 жылы іске қосылды, нақты ағыны — тәулігіне 95-160 мың м<sup>3</sup>, тозуы — 85 %-дан астам;

Саран қаласының КТҚ ("Капиталстрой" ЖШС): қуаты — тәулігіне 22 мың м<sup>3</sup>, нақты ағыны — тәулігіне 8-12 мың м<sup>3</sup>, тозуы — 80 %-дан астам.

Атауы	Өнімділік, орташа тәуліктік, тәулігіне мың м <sup>3</sup>		Аудан, мекенжайы
	2030 жыл	2040 жыл	
1	2	3	4
"Сұрыптау" КТҚ	8,14	8,60	Бөкейхан ауданы
"Майқұдық" КТҚ	36,14	36,08	Бөкейхан ауданы
"Пришахтинск" КТҚ	15,18	18,40	Қала сыртында
"Аэрация станциясы" КТҚ	107,58	129,45	Қазыбек би, 176 есептік квартал

### Жобалық ұсыныстар

Осы жобалық шешімдер арқылы Пришахтинск, Майқұдық орталық ауданында және Сұрыптауда жергілікті тазарту құрылыстарын салу ұсынылады. Болашақта су бұру схемасын оқшаулау бағыты қазіргі құрылыс салынған жерлердің қамтылмаған аудандарына да, перспективалы құрылыс аудандарына да сақталады. Қазіргі құрылыс салынған жерлерде бұл Федоровск су қоймасының ауданы және Майқұдықтың оңтүстік аудандары.

Бас жоспарда "Аэрация" станциясының алаңындағы құрылысжайларды реконструкциялау және жаңаларын салу тазарту жүйесін кешенді жаңғыртудың бірінші кезеңінің басымдығы ретінде айқындалған; жұмыстар кредиттік келісімге қол қою сатысында тұр. Сонымен қатар Пришахтинск, Майқұдық және Сұрыптаудағы жергілікті модульдік КТҚ бұл стратегияны органикалы түрде толықтырады, өйткені:

олар орталық станцияның жүктемесін азайтады және түйінді буындарды қайталау арқылы жүйенің істен шығуға төзімділігін арттырады;

олар магистральдық желілердің ұзындығын қысқартуға және қала шегінде күрделі жер қазу жұмыстарынан аулақ болуға мүмкіндік береді;

тазартылған суды қайта пайдалануға мүмкіндік жасайды (жасыл аймақтарды суару, көшелерді жуу, субұрқақтарды толтыру, технологиялық қажеттіліктер), бұл тұщы суды тұтынуды 15-20 %-ға және тұрғындарға тарифтік жүктемені азайтады;

көлік шығындарын азайту, желілердегі тегеуріннің шығынын азайту және қалпына келтірілген суды коммерциялық сату арқылы өтеледі.

Қаланың 2030 жылға дейінгі демографиялық және аумақтық өсуі тазарту құрылысжайларына түсетін жүктеменің 20-25 %-ға артуына әкеледі. Орталық станцияны жаңғырту бірінші кезеңнің базалық сұраныстарын ғана қамтиды, сондықтан ықшамаудандарға уақтылы қызмет көрсету үшін жергілікті КТҚ қосымша қуаты қажет.

Шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік сарқын (қалалық кәрізге төгуге рұқсат етілген) аудандық су жинау құбырлары мен коллекторлар желісімен аудандық тазарту құрылысжайларына бөлінеді.

Сенімді және орнықты су бұру мақсатында Бас жоспарда тәуелсіз жергілікті схемалары бар кәріздің 2 бассейнінен 4-еуіне өту көзделеді:

I бассейн: Жаңа қала, Михайловка, Федоровка, Оңтүстік-Шығыс – "Орбита" КСС, КСС-7 және бас КСС арқылы "Аэрация" станциясына. Жоспарлы қуаты – тәулігіне 129,45 мың м<sup>3</sup>.

II бассейн: Пришахтинск, Шахтинск қанаты, Өзен – жобаланатын "Пришахтинск" КТҚ-2.

Қуаты — тәулігіне 18,4 мың м<sup>3</sup>.

III бассейн: Сұрыптау, Компанейск – "Сұрыптау" КТҚ-4. Қуаты —тәулігіне 9 м<sup>3</sup>.

IV бассейн: Майқұдық — "Майқұдық" КТҚ-3-ке. Қуаты – тәулігіне 36 мың м<sup>3</sup>.

Құрылыстың 1-кезегінде 2030 жылы мыналар көзделеді:

Өнімділігі тәулігіне 107,6 мың м<sup>3</sup> Аэрация станциясын реконструкциялау.

Өнімділігі тәулігіне 15,18 мың м<sup>3</sup> "Пришахтинск" КТҚ-2 салу.

Өнімділігі тәулігіне 39,74 мың м<sup>3</sup> КСС-2, 3, 4 салу.

Өнімділігі тәулігіне 41,04 мың м<sup>3</sup> КСС-13 реконструкциялау.

Өнімділігі тәулігіне 24,0 мың м<sup>3</sup> болатын "Панель-Центр" КСС салу.

Перспективада өнімділігі тәулігіне 2,4 мың м<sup>3</sup> болатын төрт КСС салу.

Ұзындығы тиісінше 168,0 және 5,0 км болатын өздігінен ағып кететін және тегеурінді кәріз желілерін салу.

737 км кәріз желісінің тозған жерлерін кезең-кезеңімен реконструкциялау, 245 км.

2040 жылға дейінгі есепті кезеңге мыналар көзделеді:

Өнімділігі тәулігіне 36,14 мың м<sup>3</sup> "Майқұдық" КТҚ-3 салу.

"Сұрыптау" КТҚ салу, өнімділігі тәулігіне 8,6 мың м<sup>3</sup>.

Өнімділігі тәулігіне 39,74 мың м<sup>3</sup> КСС-1 реконструкциялау.

Өнімділігі тәулігіне 79,56 мың м<sup>3</sup> КСС-7 реконструкциялау.

Өнімділігі тәулігіне 10,8 мың м<sup>3</sup> КСС-10 реконструкциялау.

Өнімділігі тәулігіне 1,2 мың м<sup>3</sup> "Күзембаев" КСС реконструкциялау.

Өнімділігі тәулігіне 3,1 мың м<sup>3</sup> "Орбита" КСС реконструкциялау.

Перспективада өнімділігі тәулігіне 2,4 мың м<sup>3</sup> болатын төрт КСС салу.

Ұзындығы тиісінше 15,20 және 14,0 км болатын өздігінен ағып кететін және тегеурінді кәріз желілерін салу.

737 км кәріз желісінің тозған жерлерін кезең-кезеңімен реконструкциялау, 491,4 км.

Бас жоспардың шешімдерін іске асыру және ресурс үнемдеуді, істен шығуға төзімділікті және экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін жергілікті модульдік КТҚ көмегімен тазартудың бөлінген сәулетінің орынды болуы үшін жобалаудың келесі кезеңінде "Қарағанды қаласының су бұру жүйелерін дамытудың 2040 жылға дейінгі схемасы" техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және бекіту қажет.

### **3-параграф. Электрмен жабдықтау**

#### **Қазіргі жай-күйі**

Қарағанды қаласын орталықтандырылған электрмен жабдықтаудың негізгі көздері ҚарЖЭО-1 (белгіленген/қолда бар қуаты — 32/24 МВт) және ҚарЖЭО-3 (670/585 МВт) болып табылады. Сондай-ақ, электр жүктемелерін жабу Қазақстан БЭЖ-ден 220 және 110 кВ ӘЖ арқылы қамтамасыз етіледі, оның ішінде: металлургиялық – ҚарЖЭО-3 – ҚарМЖЭС-2, Саран – НТТС-1 кмК және т. б. бағыттар бар.

Қуат беру желісі кернеуі 110 және 35 кВ айналмалы және радиалды ӘЖ түрінде ұсынылған, тарату желісі — 6 және 10 кВ ЭБЖ, 6 кВ басым. 110 кВ тірек қосалқы станциялары: Жаңа Жарық, Ботаникалық, Сантехникалық, Мелькомбинат, Жаңа қала және Қарағанды. Олар негізінен қаланың солтүстік-шығыс бөлігін қамтитын 110 кВ (қалалық сақина) екі тізбекті ҚарЖЭО-3-пен байланысты.

#### **Жобалық ұсыныстар**

Қала аумағын электрмен жабдықтаудың перспективалы схемасын әзірлеу кезінде электр жүктемелерін есептеу электр энергиясын коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа тұтыну, сыртқы жарықтандыруды және мәдени-тұрмыстық мекемелер мен өнеркәсіп орындарының электр энергиясын тұтынуы ескеріліп жүргізілді.

Жобада сәулет-жоспарлау шешімдері, халық санының өсу болжамы және техникалық-экономикалық параметрлер ескерілді. Халықтың электр тұтынуы үйлерге қойылған плиталарға байланысты ҚР БК 3.01-101-2013 бойынша анықталды: қазіргі үйлерде – газ плиталары; жобаланған көп қабатты үйлерде – электр плиталары мен ауа баптағыштар.

